

ӨОЖ 378.4

ГТАМР 14.01.21

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.77.2.013>

## **БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОЛЛАБОРАТИВТІ ОҚУ ОРТАСЫН ҚҰРУ АРҚЫЛЫ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҚ САПАСЫН АРТТЫРУ**

**\*Сейдуалиева А.Н.<sup>1</sup>**

**\*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазҰҚызПУ, Алматы, Қазақстан**

**Аңдатпа.** Қазіргі цифрлық дәуірдің қарқынды дамуы білім беру жүйесіндегі жаңа талаптарды алға тартуда. Солардың бірі – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығын арттыруда коллаборативті оқу ортасын тиімді ұйымдастыру мәселесі. Бұл бағыттағы зерттеулер педагогикалық ғылымдар аясында коллаборатив ұғымының мәнін ашуға, сондай-ақ оқу үдерісіндегі бірлескен әрекеттің құрылымы мен мазмұнын зерделеуге бағытталған.

Мәселенің өзектілігі – бір жағынан, соңғы жылдары ғылыми ортада коллаборативті оқыту мен бірлескен білім беру ортасын құру идеясының кеңінен талқыланып, түрлі зерттеу нысанына айналуында болса, екінші жағынан, педагогикалық тәжірибеде болашақ мұғалімдердің кәсіби әлеуетін дамыту құралы ретінде бұл ортаның әлеуетін толық пайдалану қажеттілігінде.

Осыған байланысты жүргізілген зерттеу жұмысы барысында философия, психология, әлеуметтану, білім менеджменті және басқа да салалардағы ғылыми еңбектерге мазмұндық-семантикалық талдау жасалды. Коллаборативті орта, бірлескен әрекет, ынтымақтастық, өзара қарым-қатынас секілді ұғымдарға жаңаша көзқарас негізінде тұжырымдар ұсынылды.

Зерттеу әдістемесіне келсек, бұл жұмыс аясында тәжірибелік-эксперименттік әдістермен қатар модельдеу, абстракциялау, тестілеу, сауалнама, дискурстық және салыстырмалы талдау, факторлық және корреляциялық әдістер, SWOT-талдау, математикалық-статистикалық өңдеу, диагностикалық бақылау, сапалық жіктеу, бағалау мен мониторинг жүргізу тәсілдері қолданылды.

Мақалада болашақ педагогтардың кәсіби дайындығын жетілдірудің теориялық негіздері сараланып, оқу үдерісіне инновациялық және әдістемелік тәсілдерді енгізудің маңыздылығы дәлелденді. Атап айтқанда, университет жағдайында зертханалық оқу ортасын қалыптастырудың тиімділігі айқындалып, оның мамандардың болашақ кәсіби қызметіне тигізетін ықпалы ғылыми тұрғыда негізделді.

Зерттеу нәтижесінде коллаборативті оқыту ортасын ұйымдастыру арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттырудың тиімді жолдары мен жаңа мүмкіндіктері айқындалды. Сонымен қатар, топтық жұмыс дағдылары, ұжыммен әрекеттесу мәдениеті, өзін-өзі басқару

қабілеттері, бірлескен әрекеттің жүйелі формалары мен оның құрылымдық компоненттері кеңінен қарастырылды.

Ақпараттық технологиялармен жұмыс істей алатын, зерттеушілік әлеуеті жоғары, креативті ойлау қабілеті дамыған педагог кадрларды даярлау мақсатында сапалы коллаборативті оқу ортасын қалыптастыру моделі ұсынылды. Бұл модельдің мазмұны мен құрылымы арқылы білім беру жүйесіне инновациялық серпін беруге мүмкіндік жасалатыны дәлелденіп отыр.

**Тірек сөздер:** коллаборация, коллаборативті іс-әрекет, кәсіби ынтымақтастық, коллаборациялық орта, топтық жұмыстар, жаһандық ортадағы коллаборация, білім берудегі цифрлық платформа, цифрлы құзыреттілік

### **Кіріспе**

Бүгінгі таңда еліміздегі білім беру саласының барлық бағыттарында әлеуметтік және коллаборативті оқытуды жоспарлау, ұйымдастыру және басқару қажеттілігі артып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларының бірінде ғылым саласындағы күрделі мәселелердің әлі де шешімін таппай отырғанын атап өтіп, оларды кезең-кезеңімен жүйелі түрде шешу қажеттігін айтқан болатын. Бұл тұрғыда академия мәртебесін қайта қарау, жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетін арттыру, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қолдаудың тиімді жүйесін қалыптастыру, сонымен қатар ұзақ мерзімді ғылыми және технологиялық даму стратегиясын жоспарлау мәселелері басымдық ретінде белгіленуі тиіс екенін баса көрсеткен. Сонымен қатар, елбасы ғалымдардың тек теориямен шектелмей, нақты қолданбалы зерттеулермен айналысып, қоғам мен өндіріс үшін пайдалы нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы керектігін міндеттеді [1].

Осыған орай, қазіргі педагогикалық зерттеулерде коллаборатив және ынтымақтастық секілді ұғымдар кеңінен қолданыла бастады. Мысалы, гугл академия базасында жүргізілген ақпараттық іздеу нәтижесінде коллаборатив сөзімен байланысты жарияланымдар санының жылдан-жылға артып келе жатқанын байқауға болады [2]. Мұндай үдерістің белсенді жүруі бірқатар факторлармен байланысты: білімге негізделген экономиканы қалыптастыру қажеттілігі; педагог мамандардың цифрлық платформалармен жұмыс істеу қабілеттеріне қойылатын талаптардың артуы; сондай-ақ әлеуметтік желілерге арналған заманауи бағдарламалар мен құралдардың белсенді дамуы. Ақпарат алмасу кеңістігінде түрлі көзқарастар мен идеялар тоғысып, қоғамның даму үдерісінде маңызды рөл атқарып отырғаны да осы бағыттағы өзгерістердің өзектілігін дәлелдейді.

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің қарқынды дамуы заманауи талаптарға сәйкес коллаборативті оқу ортасын қалыптастыру бағытында да елеулі өзгерістерді талап етуде. Цифрлық білім беру кеңістігінің түбегейлі жаңаруы жоғары оқу орындарының оқу бағдарламалары мен білім беру үдерісінің барлық құрылымына ықпал етіп, оның мазмұны мен

тәсілдерін қайта қарауды қажет етеді. Осы тұрғыда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруде коллаборативті оқыту ортасын ұйымдастырудың тиімділігін зерттеуге негізделген ғылыми жұмыс бірқатар маңызды қағидаттарды айқындады:

– болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда коллаборативті білім беру ортасын қалыптастырудың қазіргі деңгейі, оның маңыздылығы мен әлеуеті нақты негізделуі тиіс. Мұндай орта кәсіби даярлық сапасын арттыруға мүмкіндік беретін практикалық және теориялық негіздерге сүйенуі қажет.

Коллаборативті оқыту кеңістігі – болашақ маманның кәсіби тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ететін маңызды платформа. Бұл жерде студенттер арасында өзара әрекеттесуге негізделген білім алмасу, ғылыми-әдістемелік ізденіс, зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру, әлеуметтік-коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру секілді факторлар ерекше рөл атқарады. Сонымен қатар, мұндай орта кәсіби қарым-қатынастың ерекшеліктерін меңгеруге, әр студенттің жеке әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін қолайлы педагогикалық жағдайларды ұйымдастыруды көздейді. Сондықтан да коллаборация қағидаттарына негізделген сапалы оқу ортасын құру – болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуының маңызды шарты ретінде қарастырылады.

Коллаборациялық (бірлескен) оқыту ортасы немесе ағылшын тіліндегі *collaborative learning* ұғымы – білім алушылар мен оқытушылар арасындағы өзара тығыз қарым-қатынасқа негізделген оқыту тәсілі ретінде сипатталады. Мұндай жүйеде қатысушылар білімді дайын күйінде қабылдамайды, керісінше, ақпаратты бірге іздеп, талдап, оны ұғыну арқылы өзара білім қалыптастырады. Бірлескен оқытудың мазмұнына ортақ жобалармен жұмыс істеу, пікірталас алаңдары және басқа да топтық әрекет түрлері енеді [4]. Бұл жағынан алғанда, тренингтер бірлескен оқытудың белгілеріне ұқсас болғанымен, басты айырмашылығы-уақыт пен қарым-қатынастың тұрақтылығында: коллаборативті оқытуда қатысушылар ұзақмерзімді әрекеттестікте болып, үнемі бір-бірімен және оқытушымен байланыс орнатады.

Осы мақалада қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі – болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап бере алатын жаңа кәсіби құзыреттерді қалыптастыру қажеттілігімен тікелей байланысты. Себебі қазіргі қоғам барлық салаларда цифрландыруға бет бұрып, адамзат дамуы ғылыми прогрестің жаңа кезеңіне қадам басуда. Білім беру саласында цифрлық технологиялардың жедел дамуы адам ресурстарының сапасын жетілдіру мен ұлттық зияткерлік әлеуетті арттыру мәселесін алдыңғы қатарға шығарды. ХХІ ғасырдың талаптары аясында: Қандай дағдылар қажет және оларды тиімді қалыптастыру жолы қандай? деген сауал күн тәртібінде өзекті орын алады. Түрлі елдердің білім беру жүйелері бұл сұраққа жауап іздеуде. Зерттеулер нәтижесінде қазіргі жаһандық білім беру кеңістігінде сыни ойлау, мәселе шешу, шығармашылық, коммуникация және ынтымақтастық сияқты өзекті дағдылар анықталған.

Бұл құзыреттер өзара тығыз байланыста болып, бірін-бірі толықтырады [6].

Осыған сәйкес, болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы аясында коллаборативті оқыту ортасын қалыптастыру – цифрлық дәуірде ғылымның трансформациялануы мен білім беру жүйесінің жаһандық дағдарыс жағдайларынан шығуына ықпал ететін тиімді жолдардың бірі ретінде қарастырылады.

Қазіргі кезеңде әлемдік ауқымда жүріп жатқан цифрландыру үрдісі адамзат тіршілігінің барлық саласына елеулі өзгерістер әкелуде. Бұл үдеріс білім беру жүйесінен де айналып өтпей, педагогикалық қызметте заманауи цифрлық технологияларды тиімді пайдалануға деген қажеттілікті алға тартты. Білім беру кеңістігінде қалыптасқан жаңа тенденциялар білім алушылар мен педагогтерге, сондай-ақ оқу үдерісінің барлық қатысушыларына цифрлық құзыреттілікті меңгеру бойынша жаңа талаптар қойып отыр.

Осыған орай мақалада бірқатар өзекті мәселелер қарастырылады. Атап айтқанда: білім алушылар мен оқытушылардың ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласындағы біліктілігінің жеткіліксіздігі; білім беру мазмұнында сыни ойлау, шығармашылық қабілет, цифрлық дағдылар мен құзыреттіліктерді дамытуда тиімді әдістемелердің тапшылығы; педагогтер тарапынан коллаборативті зерттеу жүргізудің сиректігі; сонымен қатар жаңа форматтағы білім беру мекемелерін – цифрлы мектептер мен цифрлы университеттерді даярлауда заманауи кәсіби біліктілікке ие оқытушылар – цифрлы педагогтерге деген сұраныстың өсуі ерекше атап өтіледі.

Коллаборативті оқытудың мәні оқыту үдерісінің әлеуметтік сипатына негізделген. Мұндағы басты мән – білім алушылар мен педагог арасындағы сындарлы қарым-қатынас, яғни диалог пен өзара әрекеттестік. Бұл оқыту түрінің мазмұндық негізі үш іргелі аспектіден тұрады: әлеуметтік, когнитивті және эмоционалдық. Осы үш өлшемнің үйлесімділігі нәтижесінде тиімді коллаборативті оқыту ортасы қалыптасады.

Ынтымақтастық пен бірлескен әрекет кәсіби дағдыларды жетілдіруде, педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін дамытуда және болашақ мұғалімдердің мотивациялық деңгейін көтеруде маңызды рөл атқаратыны отандық және шетелдік зерттеулерде кеңінен қарастырылған. Дегенмен, ғылыми әдебиеттерді саралау нәтижесінде ынтымақтастық ұғымының мазмұны мен ауқымы жөнінде зерттеушілер арасында бірізділіктің жоқтығы байқалады. Көптеген авторлар бұл терминді бірлескен әрекет, ортақ мақсатқа бағытталған топтық жұмыс, оқушылардың өзара әрекеттестік формасы немесе оқу үдерісіндегі ынтымақтастық сияқты ұғымдармен теңестіреді. Әдетте, бұл ұғым оқушылардың белсенді қатысуымен, мұғалімнің жетекшіліктен фасилитаторлық рөлге ауысуымен, шағын топтардағы бірлескен жұмыстың ұйымдастырылуымен сипатталады [11].

Осы негізде аталған тақырыптың өзектілігі екіжақты сипатқа ие: біріншіден, педагогикалық қауымдастықтың оқудағы ынтымақтастық феноменіне қызығушылығының артуы; екіншіден, бұл ұғымды білім беру ғылымы саласында ғылыми-теориялық тұрғыдан нақтылау қажеттілігі.

Зерттеудің басты мақсаты-ынтымақтастық ұғымының оқытудағы педагогикалық өзара әрекеттесу, білім беру технологиясы, оқыту әдісі, тәсіл, ұйымдастырушылық форма және оқу стратегиясы сияқты педагогикалық категориялардың бірі ретінде ғылыми анықтамасын негіздеу.

Бұл мақалада қарастырылған материалдардың практикалық маңыздылығы-болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда коллаборативті оқу ортасының ықпалын негіздеуге бағытталған. Мұндай орта білім алушылардың жеке әлеуетін ашуға жағдай жасап, олардың өз күшті әрі әлсіз тұстарын, сонымен қатар кәсіби және тұлғалық қасиеттерін тануына көмектеседі. Коллаборативті білім беру кеңістігінің басты артықшылығы – күш-жігерді біріктіру арқылы ұжымдық мақсатқа жетуге бағытталған ортақ әрекетті ұйымдастыруында.

Осындай өзара әрекетке құрылған ортада студенттер қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытып, ұйымдастырушылық қабілеттерін жетілдіреді, сондай-ақ эмоционалдық интеллектілерін қалыптастыру мүмкіндігіне ие болады. Коллаборативті оқыту жағдайында білім алушылар өздерінің коммуникативтік машықтарын, топпен жұмыс істеу дағдысын, келісімге келу мәдениетін, пікірталас жүргізу мен сындарлы ұсыныс айту қабілеттерін дамытады. Сонымен бірге, олар толеранттылық пен эмпатияны меңгеріп, түрлі көзқарастарға құрметпен қарау арқылы оң қарым-қатынас орнатуға дағдыланады [8].

Бүгінгі жоғары білім беру жүйесінде теориялық білімнің басым болуы мен педагогикалық маман даярлау сапасының арасындағы алшақтық байқалуда. Мұның салдарынан болашақ мұғалімдердің білімі бірізді емес, үзік-үзік сипатта қалыптасып, бұл алған білімді тәжірибеге енгізу мен жүйелі түрде қолдануда айтарлықтай қиындықтар туындатады.

Қазақстан Республикасындағы білім беру саясатының экономикалық бағыты білім беру нәтижелерін жақсарту мақсатында ресурстарды тиімді біріктіруді көздейді. Осыған байланысты қазіргі оқу тәжірибесінде желілік серіктестік, әлеуметтік әріптестік және кәсіби ынтымақтастық тетіктерін қалыптастырудың маңыздылығы артып келеді.

Кесте 1 - «Коллаборация», «Бірлестік», «Ынтымақтастық» ұғымының анықтамасы

| № | Ғалымдар      | Анықтамасы                                                                                                                                                                                               |
|---|---------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Г.П.Синицына  | Ынтымақтастық серіктестікте оқытудың оқу стратегиясының құрамдас бөліктерінің бірі                                                                                                                       |
| 2 | Н.В.Павельева | Бірлескен оқытуды кеңірек түсіну керек деп санайды: білім беру процесіне қатысушылар арасындағы тығыз өзара әрекеттесуге негізделген педагогикалық тәсіл ретінде                                         |
| 3 | А.В.Куликов   | Білім беру ортасындағы ынтымақтастықты анықтап, ынтымақтастық білім беру философиясы, бірлескен іс-әрекеттің, оқытудың және кәсіби-академиялық өзара іс-қимылдың бастапқы тұжырымдамасы екенін атап өтті |

|   |                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|---|-------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4 | M.Laal және S.M.Ghodsі                                | Ынтымақтастықты білім алушылар өз әрекеттері үшін жауап беретін және құрдастарының қабілеттері мен үлестерін құрметтейтін оқу өзара әрекеттесу философиясы ретінде анықтайды                                                                                                                                                         |
| 5 | A.V.Leeuwen және J.Janssen                            | екі немесе одан да көп студенттердің жалпы оқу тапсырмасы бойынша бірлесіп жұмыс істеуін көздейтін оқу іс-шараларын ынтымақтастық деп түсінуді ұсынады                                                                                                                                                                               |
| 6 | A.B. Мудрик                                           | Педагогикалық өзара іс-қимылды «жеке тұлғалардың, топтардың, ұйымдардың бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастыру, оларға ортақ жұмысты жүзеге асыруға мүмкіндік беру»                                                                                                                                                                     |
| 7 | П.Дилленбург                                          | Кооперация мақсатқа жету үшін күштер мен ресурстарды бөлуді көздейтінін, ал ынтымақтастық мәселені ұжымдық шешу үшін күштер мен ресурстарды біріктіруді көздейтінін атап өтті                                                                                                                                                        |
| 8 | Н.В.Василенко да                                      | Ынтымақтастық кезіндегі синергетикалық тәсіл идеясын дамытады: ынтымақтастық негізі-адамның шығармашылық қызметі, білім, дағдылар, шығармашылық қабілеттер синергиясы процесі, ал ынтымақтастық негізі - бөлу қызметі, яғни әлеуметтік өзара іс-қимыл субъектілері арасында оларды шешу үшін міндеттер мен ресурстарды бөлуге болады |
| 9 | Т. Panitz, Ю.Ю.Чилипенко, Н.В.Василенко, Е.А.Антипина | Бөлетін ынтымақтастықтың ерекше нысаны ретінде ынтымақтастықтың айрықша сипаттамаларын жалпылау кестесін ұсынған                                                                                                                                                                                                                     |

Кестеде «коллаборация», «бірлестік» және «ынтымақтастық» ұғымдарына жүргізілген талдау нәтижесінде бұл ұғымдарға тән жаңаша сипаттамалық белгілер айқындалды. Дискурстық талдау деректеріне сүйенсек, ғылыми зерттеулерде ынтымақтастық пен бірлескен әрекет ұғымдары көбінесе бір-бірінің орнына балама ретінде қолданылатыны байқалады.

Ғылыми әдебиеттерді жүйелі қарастыру барысында коллаборативтік түсінігіне бірқатар мәндер телініп отырғаны анықталды. Атап айтқанда, бұл ұғым кооперация, ұжымдық жұмыс, топтық әрекет, жұптық орындау, бірлесе жұмыс істеу сияқты мазмұндық мағынамен тығыз байланысты екені көрсетілді. Осы негізде, коллаборативтік оқыту ортасы белгілі бір қызмет түрінің ұйымдастырушылық формасы ретінде бағаланып, оның мазмұндық құрылымын айқындауға мүмкіндік туды.

### Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында әртүрлі теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды. Алдымен отандық және шетелдік ғалымдардың, сондай-ақ ТМД елдеріндегі зерттеушілердің еңбектеріне кешенді әдеби шолу жасалды. Коллаборативті оқу ортасының кәсіби даярлыққа әсерін анықтау мақсатында бірнеше ғылыми тәсілдер: бақылау, педагогикалық эксперимент, модельдеу, абстракциялау, іс-әрекет нәтижесін бағалау, педагогикалық тәжірибені талдау және жинақтау сияқты әдістер қолданылды.

Сонымен қатар, зерттеу барысында сауалнама, тестілеу, онлайн-тест, SWOT-талдау, педагогикалық талдау, индукция-дедукция әдістері, социограмма, студенттердің рефлексивті есептері, формативті бағалау, оқытушылар мен шетелдік тәлімгерлердің пікірлерін саралау, салыстырмалы және дискурстық талдау әдістері қолданылды. Алынған деректерді жүйелеу мен сандық өңдеу үшін статистикалық әдістер тартылды. Атап айтқанда: деректерді жинау және сұрыптау, корреляциялық талдау, факторлық анализ, математикалық-статистикалық өңдеу, диагностикалық бақылау, сапалық топтастыру, синтездеу мен бағалау тәсілдері қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде болашақ мамандардың коллаборативті оқу ортасын қалыптастыруға қажетті құралдар, әдістер және ұйымдастыру формалары нақты анықталды:

- *Құралдар*: цифрлық құрылғылар, мультимедиялық технологиялар, арнайы компьютерлік бағдарламалар;

- *Әдістер*: SWOT-талдау, миға шабуыл әдісі, тренингтер, пікірталастар, сауалнама және тестілеу;

- *Формалар*: жеке, жұптық, топтық және ұжымдық оқыту форматтары.

Зерттеу Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің базасында жүзеге асырылды. Бұл жұмыс аясында болашақ педагогтер мен оқытушыларға арналған Коллаборативті орта құру тақырыбында онлайн сауалнама жүргізілді және арнайы онлайн тест тапсырмалары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, еліміздің жоғары оқу орындары арасында Цифрлы дәуірдегі коллаборативті орта құру тақырыбында болашақ мамандарға арналған онлайн байқау өткізілді. Байқау барысында студенттердің түрлі цифрлық білім беру платформаларын пайдалану кезіндегі кездесетін қиындықтары мен кедергілері салыстырмалы, талдамалық және жіктеу әдістері арқылы зерттелді. Қатысушылар өз тәжірибелері мен ұсыныстарын ортаға салып, болашақ зерттеулердің бағытына қатысты пікірлерін білдірді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дайындығын жетілдіру мақсатында вебинарлар өткізілді. Сонымен қатар, цифрлық дәуірде коллаборативті оқу ортасын қалыптастыру тақырыбында онлайн курс бағдарламасы жасалып, университет студенттері үшін іске қосылды. Бұл курсқа қатысқан болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейі оқу басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін салыстырмалы түрде бағаланып, олардың даму динамикасы айқындалды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Эксперименттік зерттеуге Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын 43 студент тартылды. Зерттеу басталар алдында қатысушылармен алдын ала диагностикалық әңгіме-сұхбат жүргізіліп, олардың бастапқы дайындығы мен көзқарастары зерделенді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – цифрлық білім беру кеңістігінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруда

коллаборативті оқу ортасының ықпалын айқындау және оның тиімді жолдарын табу. Зерттеу барысында студенттер үш түрлі тапсырма орындады. Бірінші әдістемелік тапсырмаға олар салыстырмалы түрде көбірек уақыт жұмсағанымен, келесі екі тапсырманы жылдам әрі тиімді аяқтады. Ең қызығы, жұмыс барысында студенттер интернет-ресурстарға жүгінбей, тапсырмаларды өз бетінше орындады.

Зерттеу төрт кезеңнен тұрды: рефлексия, жоспар құру, әрекет ету және алынған нәтижелерді бағалау. Осы кезеңдер жүйелі түрде іске асырылып, болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын арттырудағы коллаборативті орта құрудың мүмкіндіктері жан-жақты зерттелді. Бұл процесте келесі негізгі сұрақтар өзекті болды: Қолданылып отырған оқыту әдістері қаншалықты тиімді?, Коллаборативті орта деңгейін қалай бағалауға болады?, Кәсіби тәжірибеге қандай факторлар ықпал етеді және оны жақсарту жолдары қандай? .

Зерттеу жұмысының бастапқы сатысында бірқатар өзекті мәселелер анықталды. Атап айтқанда, коллаборативті орта құру болашақ мұғалімнің білім сапасын арттыруда ынтымақтастық арқылы мазмұнды нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретіндігі байқалды. Бұл бағытта қолданылған негізгі әдістер – жағдаяттық талдау, мақсат қою, зерттеу объектілерін саралау, субъектілермен жұмыс және зерттеу мәселелерін нақтылау – жұмыстың сапалы жүргізілуіне негіз болды.

Эксперименттік жұмысқа екі топ қатысты: тәжірибелік топқа 2-курс студенттері арасынан 53 студент, ал бақылау тобына 2-курстың 57 студенті енді. Екі топта да деректерді жинау және талдау үшін диагностикалық құралдар кешені пайдаланылды. Олардың қатарында SWOT-талдау, сауалнамалар, сұхбаттар және өзге де әдістер бар. Бұл тәсілдер зерттеу нысанының нақты жағдайын жан-жақты бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижесінде студенттердің топтық, жұптық форматтағы өзара әрекеттестік дағдыларын қалыптастыру, тұлғааралық қарым-қатынастарды басқару және кәсіби-эмоционалдық климат құруда кездесетін қиындықтар анықталды. Сонымен қатар, болашақ педагогтердің кәсіби даярлығына әсер ететін психологиялық және ұйымдастырушылық факторлар да сараланып, олардың шешу жолдары ұсынылды.

Зерттеудің келесі кезеңінде жиналған мәліметтердің педагогикалық және психологиялық бағыттағы сипаттамалары айқындалды. Зерттеу жұмысының алғашқы бағыты оқу ортасындағы психологиялық ахуалды жақсарту, қарым-қатынас мәдениеті мен жұмсақ дағдылар (Soft skills) жүйесін жетілдіруге арналды. Эксперименттік топтарда ең алдымен топтық ережелер құрастырылып, коллаборативті оқу ортасын ұйымдастырудың негізгі қағидаттары – гуманистік ұстаным, теңдік, топтық және жеке жауапкершілік, құндылықтарға негізделген көзқарас жүйеленді. Осы бағыттағы мақсаттарға жету үшін «Мықты жұп», «Сенімді серік», «Ақылды жұп», «Сәтті жұп», «Креативті топ» секілді тренингтер өткізілді.


Зерттеудің келесі бағыты барысында студенттердің оқу әрекеттері күнделік түрінде жүйелі түрде тіркеліп отырды. Бұл кезеңде алынған

ақпарат талданып, құрылымдалып, нәтижелері жинақталып, қорытындылар жасалды. Сонымен қатар, оқытушы, студент, шағын топ және үлкен топ арасындағы өзара әрекеттесу деңгейі мен байланыс құрылымы айқындалды. Осы кезеңде коллаборативті оқу ортасын ұйымдастыруда кездесетін өзекті мәселелер мен кедергілер де анықталды.

Зерттеудің үшінші кезеңі оқу үдерісіндегі оң өзгерістердің деңгейін бағалауға бағытталды. Атап айтқанда, эксперименттік топта жүргізілген әдіс-тәсілдердің білім алушылардың танымдық белсенділігіне әсері қаншалықты тиімді болды? Қандай нәтижелі және әлсіз тұстар байқалды? деген сұрақтар төңірегінде бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелері салыстырмалы түрде талданды. Бұл кезеңде төмендегідей көрсеткіштер бойынша деректер жинақталып, талдау жасалды: оқу материалын меңгеру сапасы, білімге деген қызығушылық деңгейі, коммуникативтік және ұйымдастырушылық құзыреттіліктің қалыптасуы, ІТ және жасанды интеллект (ЖИ) технологияларымен жұмыс істеу қабілеті, сонымен қатар студенттердің лидерлік қабілеттерінің даму деңгейі.

Эксперименттік және бақылау топтарының кәсіби жетістік деңгейін салыстыру мақсатында диагностикалық әдістер кешені қолданылды. Бұл әдістер болашақ мұғалімдердің жеке және кәсіби құзыреттіліктерінің дамуындағы елеулі айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. 1 және 2 курс студенттері арасындағы нәтижелерді салыстыру барысында эксперименттік топта А және В деңгейіндегі нәтижелер басым болса, бақылау тобында көбінесе В және С деңгейіндегі нәтижелер тіркелді.

Сондай-ақ қосымша қолданылған зерттеу әдістері арқылы студенттік топтардағы бірізділік пен топаралық қарым-қатынас деңгейі де өлшенді. Нәтижесінде, мақсатты түрде ұйымдастырылған коллаборативті оқу ортасы болашақ мұғалімдердің когнитивтік, тұлғалық және кәсіби дамуына тікелей әсер ететін маңызды педагогикалық шарт екені дәлелденді.



Сурет 1 - Эксперимент және бақылау тобының салыстырмалы көрсеткіші


Сонымен қатар, бұл зерттеуде ерекше мән берілген аспектілердің бірі – оқыту және оқу үдерістерінің ажырамас бөлігі саналатын оқу қатынастары болды. Бұл бағытта оқытушы мен студент, студент пен топ, студент пен

шағын топ , сондай-ақ оқытушы мен оқу тобы арасындағы өзара әрекет формаларына назар аударылды.

Эксперименттік топ студенттерінің пікірлеріне жүргізілген талдау нәтижелері көрсеткендей, коллаборативті оқыту ортасының қалыптасуы педагог пен студент арасында шынайы, серіктестікке негізделген қарым-қатынасты орнатуға мүмкіндік береді. Мұғалім өз білім алушыларымен тең деңгейде әрекеттесіп, олармен өзара түсіністік пен қолдауға құрылған қарым-қатынас құра білді.

Мұндай оқу қатынастары білім алушылардың ішкі әлеуетін ашуға ықпал етіп, олардың жеке қабілеттерін мойындау мен қолдауға бағытталған шынайы сенім атмосферасын қалыптастырды. Сонымен қатар, студенттердің педагогикалық міндеттерді түсініп, оларды орындауға деген қызығушылығы мен мотивациясы айтарлықтай артқаны байқалды.

Зерттеу нәтижесінде коллаборативті оқыту ортасын ұйымдастыруда қолданылатын тиімді құралдар кешені анықталды:



Сурет 2 - Әртүрлі салалардағы коллаборативті оқыту құралдары

Зерттеу жұмысының нәтижелері коллаборативті оқыту тәсілінің тиімділігін бірнеше бағытта дәлелдеді. Біріншіден, топтық жоба жұмыстарын сәтті ұйымдастыру үшін қатысушылар бүкіл жоба үдерісінен – мақсатты нақтылаудан бастап қорытынды нәтижеге жеткенге дейінгі кезеңдерді толық өтуі тиіс. Екіншіден, құрылымы нақты емес, күрделі мазмұндағы тапсырмаларды шешуде, сондай-ақ көпфакторлы жағдайларды талдау барысында бірнеше адамның бірлескен интеллектуалдық әлеуетін біріктіру қажеттігі туындайды.

Үшіншіден, бұл әдіс ұжымдық қарым-қатынас мәдениетін дамытуға, қатысушылардың рөлдік әрекеттерін бақылап, талдау арқылы кәсіби дағдыларды қалыптастыруға және жобалық топтарды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

### Қорытынды

Жүргізілген зерттеулердің мазмұндық және дискурстық талдау нәтижелері ұсынылып отырған оқу ортасының коллаборативті әрі әлеуметтік-коллаборативті формаларын қамтитынын анықтауға мүмкіндік берді. Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұл түрі ынтымақтастық, ұжымдық

іс-әрекет және бірлескен орта ұғымдарының арасындағы айырмашылықты нақтылауға көмектесетін өзіндік ерекшеліктерге ие екендігі айқындалды.

Қазақстанда педагогикалық білім беруді жаңғырту шеңберінде цифрлық коллаборативті оқу ортасын қалыптастыру мәселесіне қатысты отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми-педагогикалық еңбектері жан-жақты сараланып, қолданыстағы тәжірибелер сұрыпталып жүйеленді. Зерттеу нәтижесінде педагогикалық бағыттағы ғалымдардың бірлескен және өзара ықпалдастық негізіндегі коллаборативті әрекеттері пәндік цифрлық білім беру мазмұнын дайындауға және жаңашыл ақпараттық қорларды қалыптастыруға ықпал еткені белгілі болды.

Осылайша, зерттеу барысында алынған нәтижелер университет кеңістігінде коллаборативті оқу ортасын құру болашақ педагогтің тұлғалық дамуына жан-жақты әсер ететінін көрсетті. Мұндай ортада академиялық білім кәсіби құзыреттілікпен, бейімделгіш дағдылармен, тиімді коммуникация құралдарын меңгерумен және студенттің құндылықтық бағдарын қалыптастырумен тығыз байланыста дамиды.

Зерттеу көрсеткендей, студенттердің тұлғалық және кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруда әлеуметтік, когнитивтік және эмоционалдық аспектілер бойынша айтарлықтай оң өзгерістер мен тұрақты даму динамикасы байқалды. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орнында коллаборативті оқу ортасын құрудың тиімділігін айғақтайды.

Осы зерттеуде ұсынылып отырған коллаборациялық үдеріс – тәжірибеге бағытталған, болашақ мамандарды кәсіби қызметке даярлауда заманауи талаптарға жауап беретін жүйелі негізге құрылған модель. Бұл үдеріс жаңа форматтағы педагогикалық кадрларды даярлауда – ұжымдық іс-әрекетке бейім, жобалау, жүзеге асыру және басқару қабілеттері қалыптасқан мамандарды тәрбиелеуді мақсат етеді. Сонымен қатар, білім, ғылым және өндіріс арасындағы өзара интеграцияны қамтамасыз ете отырып, болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін жан-жақты дамытуды көздейді.

Жұмыстың негізгі бөлігінде коллаборативті оқу ортасының маңыздылығы бірнеше қырынан ерекшеленеді. Біріншіден, мұндай орта студенттің тұлғалық және рухани-адамгершілік әлеуетін арттыруға бағытталады. Екіншіден, бұл модель тең дәрежелі білім алмасуға, оқытудағы өзара әрекеттестік пен келісімге келудің жаңа жолдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Үшіншіден, оның теориялық негіздерін терең зерделеу мен практикалық іске асыру жолдарын нақтылауды қажет етеді.

Жалпы алғанда, соңғы жылдары білім алушыны оқу үдерісінің негізгі тұлғасы ретінде қарастыратын жаңа білім беру теориялары қалыптасып келеді. Бұл бағыттар негізінен ситуациялық оқыту (situated learning), бірлескен оқыту (collaborative learning) және конструктивистік педагогика тұжырымдамаларынан бастау алады. Аталған әдістемелер қазіргі білімге негізделген экономиканың іргетасын құра отырып, цифрлық және қашықтықтан оқыту жағдайында білім беру технологияларын меңгеретін педагогтер үшін ерекше мәнге ие болып отыр. Осылайша, ынтымақтастық принциптеріне негізделген оқыту тәсілдері бүгінгі білім беру кеңістігінде маңызды және болашағы бар бағыт ретінде танылуда.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. [Электрондық ресурс] – Кіру режимі: URL: <https://www.akorda.kz/k> [Қаралған күні: 19.07.2023].

[2] Иншаков О.В. Коллаборация как глобальная форма организации экономики знаний // Экономика региона. – 2013. – №3(35). – С. 38-44.

[3] Незнанов А.А. и др. Коллаборативные технологии в образовании: как выстроить эффективную поддержку гибридного обучения? / А.А. Незнанов // Университетское управление: практика и анализ. — 2019. — Т. 23. — № 1–2. — С. 101–110.

[4] Таш М., Сармурзин Е.Ж, Масырова Р.Р. Кәсіпкерлік білім берудегі коллаборативті оқыту әдісінің тиімділігі // Хабаршы, Абылай атындағы ҚазӨТЖХҚУ. Серия: Педагога ғылымы. – 2022. – Т. 69. – №. 4.

[5] Павельева Н.В. Коллаборативное обучение как модель эффективной реализации образовательного процесса / Н.В. Павельева // Образование. Карьера. Общество. 2010. — № 3(29). — С. 30–37.

[6] Куликов А.В. Системы дистанционного коллаборативного обучения и некоторые аспекты технологии их разработки / А.В. Куликов // Сборники конференций НИЦ Социосфера. — Vedecko vydavatelske centrum Sociosfera-CZ sro, 2012. — № 8. — С. 105–107.

[7] Тихомирова О.Г. Корпоративная коллаборация и взаимодействие: решение проблемы самоорганизации социально-экономических систем // Фундаментальные исследования. – 2014. – №9. – С. 1082-1086.

[8] Богатов В.В., Сыроежкина Д.С. Коллабораци научных организаций как элемент инфраструктур науки// Наука, инновации, образование. – 2016. – №4. – С. 30-44.

[9] Заир-Бек Е.С., Ксенофонтова А.Н. Методология институализма в исследованиях образования // Вестник ЧГАКИ. – 2013. – №1(33). – С. 46-47.

[10] Колесникова Г.А., Пустовалова Н.И. Коллаборативная среда в инклюзивном образовании и профессиональные компетенции // Педагогика и психология. – 2021. - № 4(49). – С. 197-201.

[11] Agranovich, Ye., Amirova, A. Ageyeva, L., Lebedeva L., Aldibekova, Sh., Uaidullakzy, E. The Formation of Self-Organizational Skills of Student's Academic Activity on the Basis of 'Time Management' //Emerging Technologies in Learning (iJET). 2021.- 14(22). - pp. 95-110..

[12] Намазбаева Ж.И., Калымова А.Е. Общественное сознание личности – основа успешной образования в Казахстане // Педагогика и психология. – 2020. – № 1. – С.5- 13.

[13] Снопкова Е.И. Актуальность междисциплинарного подхода в педагогических исследованиях: научное обоснование / Е.И. Снопкова // Интеграция образования.-2015. — Т. 19. — № 1(78). — С. 111–117.

[14] Protogerou C., Hagger M.S. A checklist to assess the quality of survey studies in psychology // Methods in Psychology. — 2020. — Vol. 3. — p. 100031.

[15] Даринская, Л.А. Учитель и инновационная деятельность (анализ

публикаций в педагогической периодике за 2007–2017 годы) / Л.А. Даринская // Непрерывное образование. — 2017. — № 2(20). — С. 17–21.

## REFERENCES

[1] Memleket bashysy Kasym-Zhomart Tokaevtyн Ulttyk kuryltaidyn “Adilette Kazakhstan – Adal azamat” atta ekinshi otyrysynda soylegen sozi. [Electronic resource] – Kiru rejimi: URL: <https://www.akorda.kz/k> [Qaralghan kuni: 07/19/2023].

[2] Inshakov O. V. cooperatio ut forma globalis cognitionis oeconomiae organizatio // oeconomica regionis. – 2013. – №3(35). – Pp. 38-44.

[3] Neznanov a. A. et alii. Technologiae Collaborativae in educatione: quomodo efficax subsidium ad discendum hybridorum aedificandum? / A. A. Neznanov // universitatis administratio: praxis et analysis. — 2019. - Vol. 23. — № 1–2. — Pp. 101-110.

[4] Tash M., Sarmurzin E. Zh., Masyrova R. R. Kasipkerlik bilim berudegi collaborativa okytu adisin tiimdiligi // Khabarshy, Abylai atyndagi KazATzHKU. Series: Magister gylmy. – 2022. - T. 69. – №. 4.

[5] Pavelyeva n. v. collaborativa doctrina tamquam exemplar efficax exsecutionis processus educationis / N. V. Pavelyeva // Educationis. Vitae. Collegium. 2010. — № 3(29). — P. 30-37.

[6] Kulikov A. V. Distantia systemata collaborativa discendi et nonnullae rationes technologiae suae evolutionis / A.V. Kulikov // colloquium SIC Sociosphaerae. - Vedecko vydavatel'ske centrum Sociosfera-CZ sro, 2012. — № 8. — Pp. 105-107.

[7] Tikhomirova O. G. corporatum cooperatio et commercium: solvendo problema sui organizationis systematum socio-oeconomicorum // investigationis Fundamentalis. – 2014. – №9. – Pp. 1082-1086.

[8] Bogatov V. V., Syroezhkina d. S. collaboratio institutorum scientificorum ut elementum scientiarum substructionum// Scientiae, innovationis, educationis. – 2016. – №4. – P. 30-44.

[9] Zair-Bek E. S., Ksenofontova A. N. Methodus institutionalismi in investigatione educationis // Bulletin DE CHGAKI. – 2013. – №1(33). – Pp. 46-47.

[10] Kolesnikova G. A., Pustovalova n. i. ambitus Collaborativus in educatione inclusive et competentis professionalibus // Paedagogia et Psychologia. – 2021. - № 4(49). – C. 197-201.

[11] Agranovich, Ye., Amirova, A. Ageyeva, L., Lebedeva L., Aldibekova, Sh., Uaidullakzy, E. The Formation of Self-Organizational Skills of Student's Academic Activity on the Basis of 'Time Management' //Emerging Technologies in Learning (iJET). 2021.- 14(22). - pp. 95-110.

[12] Namazbaeva Zh.I., Kalymova a. E. Socialis conscientia personalitatis fundamentum est ad felicem exsecutionem educationis inclusive In Kazakhstan / / Paedagogia et Psychologia. – 2020. – № 1. – P. 5-13.

[13] Snopkova E.I. momentum interdisciplinaris accessus in investigationibus paedagogicis: iustificatio scientifica / E. I. Snopkova // integratio educationis.-2015. - Vol. 19. — № 1(78). — Pp. 111-117.

[14] Protogerou C., Hagger M. S. maculosus aestimare qualitatem percontationum studiorum in psychologia // Methodis In Psychologia. — 2020. - Vol. 3. — p. 100031.

[15] Darinskaya, L. A. Magister et actio innovativa (analysis publicationum in periodicis paedagogicis pro 2007-2017) / L. A. Darinskaya // educationis continuae. — 2017. — № 2(20). — Pp. 17-21.

## **ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ПУТЕМ СОЗДАНИЯ КОЛЛАБОРАТИВНОЙ УЧЕБНОЙ СРЕДЫ**

\* Сейдуалиева А.Н.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>КазНПУ им. Абая, КазНацЖенПУ

Алматы, Казахстан

**Аннотация.** Улучшение качества профессиональной подготовки будущих учителей начальных классов посредством формирования коллаборативной учебной среды приобретает особую значимость в условиях стремительного развития цифровых технологий. Настоящее исследование направлено на осмысление понятия коллаборационизм в контексте педагогических наук, а также на изучение сотрудничества как ключевой формы педагогического взаимодействия.

Актуальность данного исследования обусловлена, во-первых, возрастающим интересом научного сообщества к понятию коллаборативная среда, во-вторых — необходимостью поиска эффективных путей повышения качества профессиональной подготовки будущих педагогов через реализацию принципов коллективного обучения.

Согласно поставленной цели, с использованием метода содержательного анализа были всесторонне изучены научные источники в сферах философии, социологии, психологии, менеджмента и смежных дисциплин. В результате предложены уточнённые определения таких понятий, как коллаборативная учебная среда, взаимодействие, совместная деятельность, солидарность, с учётом современных образовательных реалий.

В рамках исследования использовался комплекс теоретических и эмпирических методов: эксперимент, абстрагирование, моделирование, анкетирование, тестирование (в том числе онлайн-форматы), SWOT-анализ, экспертные заключения отечественных и зарубежных учёных, сравнительный и корреляционный анализ, факторный анализ, методы математико-статистической обработки данных, диагностика, качественная систематизация, синтез, мониторинг и оценивание.

В статье раскрываются научно-теоретические подходы к повышению качества подготовки будущих учителей начальных классов через внедрение

коллаборативной учебной среды, рассматриваются инновационные и методические аспекты, определяются эффективные стратегии реализации. Представлен теоретический анализ возможности создания лабораторной формы учебной среды в университете, способной оказывать положительное влияние на профессиональную состоятельность будущего специалиста.

Кроме того, в работе обозначены перспективные направления формирования коллаборативной образовательной среды, акцент сделан на развитие навыков командной работы, эффективного взаимодействия в коллективе, значимости механизмов самоуправления и системного сотрудничества.

Разработана модель качественной коллаборативной образовательной среды, обеспечивающей подготовку уверенных в себе, инициативных специалистов, способных к проведению инновационных научно-исследовательских проектов, владеющих современными цифровыми платформами и обладающих высокоразвитыми цифровыми и креативными компетенциями.

**Ключевые слова:** Коллаборация, коллаборативная деятельность, профессиональное сотрудничество, коллаборативная среда, групповая работа, коллаборация в глобальной среде, цифровые платформы в образовании, цифровая компетентность

## IMPROVING THE QUALITY OF PROFESSIONAL TRAINING FOR FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS BY CREATING A COLLABORATIVE LEARNING ENVIRONMENT

\* Seidualiyeva A.N.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>KazNPU named after Abai, Kazakh National Women's Teacher  
Training University, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** Improving the quality of professional training for future primary school teachers through the creation of a shared learning environment is a challenge today in the digital age. The work is devoted to the definition of the concept of cooperation in the system of Pedagogical Sciences, as well as to the study of cooperation as a form of pedagogical communication. The importance of the study lies, on the one hand, in the concept of creating a collaborative environment for research teachers, in the frequency of recent referrals, and on the other hand, in identifying ways to improve the quality of Professional Teaching through the creation of a collaborative learning environment. Comprehensive analysis of scientific sources in the fields of philosophy, sociology, psychology, management, etc. according to the purpose of the study. conducted using the method of objective analysis, a new definition was given to the definition of the collective environment, interaction, joint activity and solidarity. The main research methods are testing, abstraction, modeling, saulnama, testing, online testing, data analysis, reviews of domestic and foreign scientists, research, comparative analysis, correlation methods, factor analysis, mathematical and statistical methods, diagnostics, qualitative systematization, grouping,

aggregation, evaluation, tracking, etc.it was used. This article will identify innovative, technological and methodological aspects and consider effective ways to create a collaborative learning environment, the scientific and theoretical basis for improving the quality of professional training for future primary school teachers. That is, the university conducts a theoretical analysis of the effectiveness of the formation of a laboratory learning environment, which is the basis for determining the impact of future specialists on successful professional activities. By providing a collaborative learning environment, new ways of improving the quality of professional training for future professionals are being identified. In addition, it describes different aspects of the collaborative environment, teamwork skills, team behavior, the importance of cooperative self-management, and forms of systems of collaboration and interaction. To train future self-confident professionals capable of conducting innovative research, mastering digital educational platforms and mastering digital creativity, we propose a model for creating a collaborative and high-quality educational environment.

**Key words:** collaboration, collaborative activity, professional collaboration, collaborative environment, group work, collaboration in a global environment, digital platforms in education, digital competence

***Автор туралы мәлімет:***

Сейдуалиева А.Н. – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы. Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазҰҚЫЗПУ, Алматы, Қазақстан

***Информация об авторах:***

Сейдуалиева А.Н. - магистр педагогических наук, старший преподаватель. КазНПУ им. Абая, КазНЖенПУ, Алматы, Казахстан

***Information about authors:***

Seidualieva A.N. - master of Pedagogical Sciences, senior lecturer KazNPU named after Abai, KazNWTTU, Almaty, Kazakhstan

*Мақала түсті: 12 ақпан 2025*